ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 21 маусым №5265-24-00-2/1473 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай –РММ)

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Асылай Нұрланқызы Нұрыш (әрі қарай- ЖК А.Нұрыш)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ-нің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ЖК Асылай Нұрланқызы Нұрыш мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ЖК Асылай Нұрланқызы Нұрыштан (ЖСН 940 921 400 633) мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 21.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.07.2024, судья Сейтжанұлы С., 30.07.2024
5265-24-3-1/1612

тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Ж.Жолбарыс

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 21.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.07.2024, судья Сейтжанұлы С., 30.07.2024

5265-24-3-1/1612